

11753

ЖАРАСБАЙ
НҰРҚАНОВ

НҰРЛЫ ТЕРЕЗЕ

**Жарасбай
Нұрқанов**

11753

НҰРЛЫ ТЕРЕЗЕ

[ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМА]

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ — 1971 ЖЫЛ

Жарасбай Нұрқанов

Нұрлы терезе. Өлеңдер мен поэма.
«Жазушы» — 1971.

64 бет, 6600 дана, 20 т.

Жарасбай Нұрқановтың бұдан бұрын «Тұңғыш кітабы» жарық көрген болатын. «Нұрлы терезе» аталатын бұл жинаққа соңғы кезде жазған лирикалық өлеңдері мен бүгінгі ауыл өмірін бейнелейтін шағын поэмасы енді.

7—4—3

80—71

АБОНЕМЕНТ

g. K

Северо-Кавказский федеральный округ, с/х областная

БИБЛИОТЕКА

город. ПЕРВОУДАВЛОВСКИЙ

ӨЛЕҢДЕР

КОММУНИСТЕР

Коммунистер — ұйытқысы қоғамының,
Солар іскер,

жігерлі,

солар мығым.

Жауапкерлік жүгі бар жүрегінде

Соларға тән терең ой,

жоғары ұғым.

Жауаптылар жалпыға,

жалғыз ерге,

Коммунистер қамқоршы әрбір жерде.

Талаптанған жастарды талпындырып,

Дандайсыған жандарды салар тезге.

Сезім сергек,
санасы салмақтылар,
Төте жолды табады таңдап бұлар.
Қолмен пішіп,
ойменен болжап біліп,
Алды-арты мен оң-солын барлап тұрар.

Барлық істің басы мен қасында боп,
Қайрат қылды қашан да,—
жасыған жоқ.
Күншығысқа иілген күнбағыстай,
Коммунистер атына ғашық жан көп.

Ажырамас әрекет,
сөз-пікірі;
Сырт көрімге сыпайы, ізгі түрі.
Абзал жандар, әлбетте, осылар нақ;
Көсеміміз Лениннің көзі тірі.

АСҚАҚ АРМАН

Адамның жаны арманнан жаратылған,
Армансыз — айрылғандай қанатынан.
Үзілмес үміт-сәуле себелейтін
Секілді ай сырғасы жаңа туған.

Соны арман —
 сом алтындай кеудедегі,
Оятқан зергерлікті зердедегі.
Көңілдің көк дөнені көкке шапшып,
Толқын-ой толастамас Жерде, тегі.

Асау ой,
 асқақ көңіл,
 асыл арман
Қол созған ғасырларға ғасырлардан.
Қиялдың қыран құсы болат топшы
Бұл күнде бұлттан да әрі асып алған.

Күркіреп күннен бетер Байқоңыры,
Даламнан басталады Ай жорығы.
Сұрапыл қанат-күші космонавтың,
Қапысыз жараған бой, жай көңілі.

Адамдар арманымен заңғар биік
(Көгертпес көсегенді жандар тұйық)
Адамзат —
 Жер перзенті,
 Көк қожасы
Күн нұрын жанарына алған құйып.

ЖІГЕР

Елім бар —
 мен дегенде еміренген
Мен бармын —
 ел дегенде тебіренген.
Шаттығым,
 мұрадым мен мұңым ортақ,
Бір менің намысым да кегім елмен.

Елім бар —
 шарығына қайрап тұрған.
Мен бармын —
 шын болаттай қайратты
 ұлан.
Қуаты Отанымның бойға дарып,
Жебемді Жер бетінен Айға аттырған.

Елім бар —
 кереметтей келешекті,
Мен бармын —
 келешекке берешекті.
Оқ бойы озық жүрмей маңдайында,
Болайын неге соңғы,
 неге шеткі?

ДЕМАЛЫС

Жасыл белдер:

«Бел жаз!»—

деп шақырады.

Көкорайда көңілің шарқ ұрады.

Көтеріңкі дауыспен сәлем берсең,

«Бәрекелді, бар бол!»— деп шал тұрады.

Көбікті көл:

«Шомыл!»— деп шақырады.

Адам жаны шабытты, шалқымалы.

Қуанышқа шүйіліп жеткендей бір

Шағалалар төбеден шаңқылдады.

Сұлу құрбы сусынға шақырады,

Сарқымызды сарғайта сапырады.

«Келмей кеттің»,—

дегенде кербез күліп,

Келіншегің кеудесі алқынады.

Күндер зулап,

демалыс сарқылады,

Қала қайта өзіне шақырады.

Ен далада жүргенде еленбейді-ау?—

Шағын ғана бөлмеде шаң тұрады.

ЫРЫСЫМДЫ ТАСЫТҚАН

Қол-басына қондырып туган жердің шаңдағын,
Маңдайыңа май жұққан, майталманым, саңлағым,
Кермек татып тандайың,
кезерсе де ерінің,
Қабак шытпай көтердің қауырт күндер салмағын.

Даламыздың қожасы —
диқандарым, дарқаным.
Жасап жатсың ертеңгі байлығымның бар қамын.
Сен баптаған қара пар мақпал десе пара-пар,
Маржан тағып тастадың кеудесіне Арқаның.

Ырысымды тасытқан іңкәрларым,
кымбаттым,
Дүниеге бүгін сен дүбірінді тындаттың.
Жойқын мынау жорығың толастамас тозаңы,
Қайратыңа қайранмын,
күн құрғатпай күн қаттың.

КӨГІЛДІР КӨКТЕМ

Көкбуалдыр көз алды,
Ауада сыз, дымқыл бар.
Көкше мұздар бозарды,
Көксоқта боп сылқым қар.

Ұлы сәске таң сұлу,
Моншағындай көктайғақ.
Қайда барсан, қар суы
Күн нұрымен жатты ойнап.

Дүние бүгін көгілдір,
Бұл кез үйге сияр ма ең?
Әлдеқайда көңіл жүр,
Әлде небір қиялмен.

Күн биіктеп алыпты,
Бойжеткен қыз балаша.
Көктем келіп қалыпты
Көптен күткен — тамаша!

ӘЙЕЛДЕР

Таң-тамаша қалғанымыз — сендерсің.
Аңсап жеткен арманымыз — сендерсің.
Өмір бойы өтсек еді әлпештеп,
Өкпелетіп алғанымыз,— не дерсің.

Қол жетпейтін шынарымыз — сендерсің,
Қол ұстасқан сыңарымыз — сендерсің,
Үйде — би боп, түзде — күй боп күмбірлер,
Нағыз намыс, шын арымыз — сендерсің.

ДАЛА ӘНШІСІ

«Көктем келіп қалды» — деп,
Түлеп берді қырат-қыр.
Толқи соқты таңғы леп
Дүр еткенде трактор.

Күйге бөлеп ол енді
Жомарт жердің жотасын,
Жазып ала жөнелді
Әннің — дәннің нотасын.

Бар дауыспен басып жүр
Ариясын елімнің.
Жер қойнынан ашып жүр
Дариясын егіннің.

ҰРПАҚ ЖЫРЫ

(Әнге арналған)

Елім гүлін, елім нұрын
Мадақтайды менің жырым.

Атам — күрес ардагері,
Алға бастап, алда келді.

Әжем өмірі — ертегі өзі,
Әңгіме қып шертеді өзі.

Мақтан етем мен апамды.
Апам — Еңбек Ері атанды.

Әкем — майдан қаһарманы,
Маған мақсат — әке арманы.

Туған елді жырлап өсем,
Ұрпағыңды тыңда, Көсем.

САҒЫНЫШ САЗДАРЫ

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер,
суың — кәусар,
лағыл — тасың,
Жүректі шым еткізіп сағынтасың.
Құлақты шың еткізіп кетеді жел,
Әлде өзің әдейілеп шақыртасың?

Мен барсам,
бел-белесің бетегелі
Жайқалып,
шайқалып-ақ кетер еді.

Сол ыстық мейірімімен қымбат па екен
Жігіттің кісі болған мекен-елі?!

ЕКІ КӨЗІМ ЕЛ ЖАҚТА

Екі көзім ел жақта — қарап жүрмін.
Барар күнді бақытқа санап жүрмін.
Дүбір естіп ширыққан өз-өзінен
Бәйге атындай бауырымнан жарап жүрмін.

Күн де кіріп түсіме туған аймақ,
Ала таңнан алқынып тұрам ойлап.
Майшабақтай мазасыз ойлар түртіп,
Тұрсаң және қашады тырағайлап.

Көңіліме қонақ боп үміт-ноян,
Елден кісі келгендей күліп қоям.
Әлденеден әрдайым секем алып.
Бір жағынан секеңдер күдік-қоян.

Амандық хат алам да, дұрысталам.
Мейрам бола кетеді жұмыс маған.
Жауап келмей қалғанда,
жауар бұлт боп,
Арқасы бар адамдай құрыстанам.

Аяқтанған бөбекше құлап — тұрып,
Беки берер көңіл де жылап-күліп.
Жүрек кейде жұлқына дүрсілдейді,
Сергек сезім көз тігіп, құлақ түріп...

ІНІМЕ

Кеудем толы
 кернеді оны
 сағыныш,
Өлең — досым, өзің елге алып ұш.
Думандатып жүрген жерден Дулатты
 Байқаусызда барып құш.

Жалт қарасын, жабыссын кеп жағана.
Әлде тіпті аңтарылып қала ма?—
Ұқсатарын, ұқсатпасын біле алмай,
 «Өзің бе,— деп,— жан аға?!»

Ерік қоймай, ертіп ал да жаныңа,
Апар ана Тасөткелдің жарына.
«Қармақ сабы қайда екен де,— былтырғы?»
 Қарасын жан-жағына.

Ал өзіңе, дәл көзіңе қаратпа,
Ойландырма, жай жүруін жаратпа.
«Мін шанаға, Мыңшұқырға кеттік»— де,
 Қақ божыны Қара атқа.

Ол жануар ордаң-ордаң желгенде,
Гулей ала жөнеледі жел демде.
Құлынымның құлақшынын байлап бер,
Танауын сұрт, жеркенбе.

«Анау қайсы, мынау не?»— деп жоқшыдай
Отыратын ой-шұқырды ол сұрай.
Сенсін саған,
сен де ерінбей таныстыр
Ел мен жерді жолшыбай.

Аттың үстін айналдырып ақ буға,
Қайқандатып Қаражарға тарт тура.
Тоғай іші толас тапқан кезде жел,
Қосылыңдар «Аққумға»..

Беттегенде Басағаштың баурына,
Күн еңкейіп, екіндіге ауды ма?
Ендеше бүр Көктерекке ат басын,—
Нағашыбай аулына.

Елге қарай ентелетіп айда кеп,
Тереңсайға құлдиларда байқа тек.
Әй, сол жерде сұрамаса, не қылсын:
«Агам менің қайда?»— деп.

Күні бойы күлген болып жүргені —
Оның дағы бірдеңені білгені.

Әйтпегенде танымай қап агасын,
Жаңыла ма мүлде іні.

Ұмытқаны болар еді,— алданса,
Сағынғаны-ау,— сені мен деп малданса.
Сен онымен жүре тұршы жұптасып,
Қашан өзім барғанша.

Кеудем толы — кернеді оны сағыныш,
Өлең — досым, өзің елге алып ұш.
Думандатып жүрген жерден Дулатты
Байқаусызда барып құш.

ТАБИҒАТ

Табиғат,
тамашасың таңда дәйім.
Тып-тыныш тылсымыңа таң қалайын.
Секілді Күнді күткен құпия жап —
Төбеде тоңыңқырап қалған айып.

Күн шықты құлпырмалы арайменеп,
Апталып қалды алтынмен маңай, белсеп.
Өзіне көзің тіктеп қарау қайда,
Әйтеуір жоғарыға қарай берем...

ЖАДЫРАУ

Көктем келді.

Қуды жерден мұз-қарды,
Өктем келді өгей етіп ызғарды.
Көктем келді жігіттерді жымитып,
Толғандырып толған айдай қыздарды.


Бала біткен доппен бірге домалап,
Таң атқаннан күн батқанша жоғалат.
Дала қандай жаңбырдан соң жаңғырған,
Сыртқа шықпай жүргендерге обал-ақ.

Күн қунақы.

Бұлт жұқалтаң, қазбауыр.
Жер кебірсіп, сезінбейсің сазды ауыр.
Адам тонын,
дала тонын сыпырып,
Құрыстаған бойын қайта жазды ауыл.

Көптен күткен көктем жұртқа ұнап тұр.
Көңілі өсіп,

көтерілді қырат-қыр.
Атасының белін басар баладай
Дөңге шығып бара жатыр трактор.



КҮЗ КҮНІ

Тағы да өтіп кетіп тамаша жаз,
Тағы да кері қайтып қараша қаз,
Дауысы талып жетіп барады өтіп,
Көзінді бұлдыратып қарасаң да аз.

Барады бұлттар да ауып бәсең, баяу.
Тіркесіп бір-біріне, тақау,

таяу.

Сергімей себеленген ақ жауыннан,
Кең дала керіледі ұйқылы-ояу...

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Көктен жерге кеп жатқан хабар-хаттай
Жапалақ қар жапанды жапты, міне.
Алғашқы қар —

алғашқы махаббаттай,

Шәгің бар ма шаңқан боз, пәктігіне.

Сұлу қызға таңылған лақап аттай
Қар жамылып томсарған тоғай мынау.
Алғашқы қар —

алғашқы махаббаттай,

Қыс боп жатып қалуы неғайбыл-ау.

Өмір сүрер дер шағым — осы жасым,
Анықталып келеді досы-қасым.
Күндер ғана күтпеген жерден әкеп,
Көлденең сап қояды тосыннан сын.

Келем әзір сүрінбей алға ұмтылып,
Жұмысыма жүгірем таңнан тұрып.
Сапырылсын қымыздай қызу өмір,
Құр арманнан сақтасын қалған тұнып.

Аппақ етіп өңірді Ай туғандай,
Тақпақ етіп ойыңды айту қандай?
Өлең туса — өлердей қуанамын,
Зарығып кеп ұл көрген жалқы жандай.

«Бос өткізген өмірді жан емен» деп,
Отырғанда «қайтсем» деп және елендеп,
Мекемеге мені іздеп шақыртқандай
Есік қағып тұрады жаңа міндет.

МЕНІҢ МАХАББАТЫМ

Сезімін серігі еткен ақылының,
Дәуірдің ауыр ойлы ақынымын.
Жұмысқа жүрек басты жұмылдырам,
Махаббат — мәңгібақи тақырыбым.

Махаббат —

туған жұртым қазағыма.
Сол үшін қазақшылап жазамын да.
Солардың көкейтесті күйін күйттеп,
Көнемін жырдың қызық азабына.

Махаббат —

Отаныма байтақ, алып,
«Ұлы елдің ұлымын» деп айтам анық.
Әр күні жаңалықпен жаңғырады
Ерлердің ерлігі тек қайталанып.

Махаббат —

бүкіл адам атаулыға.
Азатқа,
әзір қолы матаулыға.
Басына баршасының келер болсын
Елімнің ертеңгісі тақау мына.

Махаббат —

өмірге осы
келіп-кеткен.
Тұрсыншы Күн сәулесі өбіп беттен.
Мен бір жан болайын-ақ нәсіл үшін
Маңдайдың ащы терін төгіп кеткен.

КОМБАЙНЕР

Егін-жайға ерте шығып қосынан,
Күміс кірпік
Күнді оятқан — осы жан.
Ен далаға енді дамыл бермейді,
Қас қарайып кеткенінше осыдан.

Ыстық ұрып,
шаң басқанмен маңдайын
Жанарында от ойнайды әрдайым.
Соның қуат-күшіменен жүргендей
Астындағы абажадай комбайн.
Айға жақын көрмегелі ауылды ер,
«Алмасын — деп, — аз егінді жауын, жел».
Егін ору —
майдан болса екпінді,
Комбайнер —
бейбіт күнгі жауынгер.

ЖУРНАЛИСТ

Жүйрік ой,
жүрдек қалам журналистер —
Көреген,
құлағы сақ,
құмар,
іскер.

Қырандай қиян кезіп келгенінде
Қонатын тұғыры боп тұрады стол.

Бәрі бір —

самолет пе,

ат па?— оған,

Бабында тұрса болды, автоқалам.

Тіліне тиек болып өнегелі іс,

Алады адал жандар мақтау одан.

Ел іші,

еңбекшілер арасында

Нәр жиған ұқсайды сөз арасына.

Тілінің шақпасы да,

балы да бар,—

Әділ тек істің ақ пен қарасына.

Халықтың қамын ойлап толғанатын
Журналист — партияның қолғанаты.
Адамды асықтырып жарқын күнге
Жазады сөз шырынын сорғалатып.

* * *

Атасының баласы,
Әжесінің құлыны,
Бүгін таңмен таласып,
Өзі тұрып жуынды.

Қаспағын ап бетінің,
Мұқым сүртіп мұрынын,
Бірі тарап кекілін,
Біреуі өрді бұрымын.

Кейбіреуі боздайды;
Ерке болар, шамасы.
Жуғаннан бет тозбайды,
Ал айнаға қарашы:

Әдемісін өзінің,
Танауыңнан тәмпиген.
Жалыны бар көзінің,
Қабағын тек сәл түйген.

Қатулапба бекерге,
Күлімсіре, құлыншақ.
Затынды жи кстерде,
Бола көрме ұмытшақ.

Сосын байқап жүгір де,
Достарыңа бара ғой...
...Ойнай тұрсын бүгін де,
Қайтсін, әлі бала ғой.

* * *

Текшелі тасқа асылып,
Телміріп ақын тұрған-ды.
Тепсінген толқын басылып,
Толыксып келіп тынған-ды.

Шағала шалқып қалықтап,
Көп құрақ жайлап ырғалды.
Тыпыршып-шоршып балықтай
Жағада жаңа жыр қалды.

ЖҮРЕК СЫРЫ

Ажарың ашық аспандай,
Күлгенің күннің нұрынша.
Майысып белің жас талдай,
Ойысып бері бұрылсаң.

Жүректі лүпіл қақтырып,
Қояды назын, өкпең бір.
Сезімің әлі пәк, тұнык,
Таңдағы шықтай мөп-мөлдір.

Қараған шақта қас керіп,
Жанарың ыстық жаздайын.

Кетердей тіпті тас та еріп,
Құшаққа құлай жаздаймын.

Өлеңім —

жалғыз байлығым,
Қалам ба сенен барды аяп?
Бәрінен бұрын, уай, күнім,
Көңілім таза, қардай ақ.

ЖЫР ЖАЗАМЫН ӨЗІҢЕ

Бір сайрамай бұлбұл қоймас,
Алагеуім,
таңсәріден,
Тыңдауға оны гүл бір тоймас,
Елжіреумен,
тамсанумен.

Сорғалатып бал шырынын,
Жыр жазамын өзіңе мен.
Жәйін ұғып жан сырымның
Қоярмысың сөзіме ден?

ӘЗІРШЕ...

Десемде «шыңға шығам мен тегінде»,
Әзірше жүрмін таудың етегінде.
Төбесі тым алыстан жалтырайды,
Кім білсін, арып талмай жетемін бе?
Алда әлі биік беткей, бөктер белең,
Атандай алып жонды шөккен ерен.
Қақ жарған тас жотаны өзен долы,
Ақ көбік, ағын асау, өктем, керен.
Төскей бар —

қарағайлы қалың жыныс,
Өтпестей ит тұмсығы анық тығыз.
Кірген жан шетін таппай шырмалғандай,
Аттаған қадам сайын алып тыныс.
Баурайы, бөктері де, түскейі де,
Бір мезгіл қалып артта, көш кейінде.
Жолығар жеке біткен, оқшау шыңдар,
Тұрғандай бір-бірімен өш лейілде.
Басы мұз күн сәулесі тайғанаған,
Үстінен тек жұлдыз бен ай қараған.
Тым шырқау,

көкке керген көкірегін,
Бұлт қана беттен сүйіп аймалаған.
Сонда да шығармын бір мен тегінде,
Өрмелеп арман-қиял жетегінде.
Жалғыз-ақ жол жараған жаңа сайлап,
Әзірше жүрмін таудың етегінде.

КЕЛ ЖАРҚЫРАП КҮМІСТЕЙ

1

**Күмбір-күмбір Отанның куранттары,
Күмбірлейді күллі елді қуантқалы...**

Құйшы, достар,
шаттықтың шарабынан,
Жаңа жылдың қалмайын санағынан.

**Қыз-келіншек жүрегін дүрсілдетіп,
Ашын­даршы шампан­ды гүрсілдетіп.**

2

Кел,
Жаңа жыл,
жарқырап күмістей боп,
Жанга жакын, жүп-жүмсақ пүліштей боп.

Бейбіт өмір,
бітімге елші Жылым,
Төрімге шық,
тоғанды ба? - Келші, жылым.

Амг сүйсгн жүнн нур алмадайын,
Жандалхын көл бон жайна дэйм.

Қуаныштың өзі боп күлімдей кір,
Жақсылықтың жауқазын гүліндей бір.

Тың істердің тиегін ағыта кел,
Маған — шабыт,
басқаға — бақыт әкел.

Ал, сол үшін алайық тосты мынау,
(Кешір, достар, көп сөйлеп тостырдым-ау).

Бүгін парыз — бокалды сарқып ішу,
Жыл он екі ай шаттық күй шалқуы үшін.

ҚҮЙ ШАНАҚ

Қоңырқай, қол тоқпақтай домбырасы —
Бабамның баға жетпес зор мұрасы.
...Шырағым, шынашағың ептейлі екен,
Салдыртып сағаға бір құлдырашы.

Күмбірлеп қуаныш күй нұрлы-сазды,
Күбірлеп құпия сыр мұнды-назды,
Дерт те өзі,
дәру де өзі — ден қойғанға,
Бұл шанақ бірді ауыртып, бірді жазды.

**Бейуақыт бебеулетіп, қоңырлатып,
Отырсаң шер таркатып,— о, бір бақыт,
Ей, күйшім,**

екі шекті аңыратқан,

Тағдырдан не тілейсің бұдан артық?!

ШУМАҚТАР

КУНДЕР

Бүлтты күні жабыркап,
жатып калам
Жаманнан қорыққандай.
Ашық күні шаңырқап,
шабыттанам
Жаксыға жолыққандай.

ОЙЛАНУ

Барады басым сынып ойдан, ойдан,
Бұл — бір дерт өзім тапқан,
өзін қойман.
Мін көріп, миығыңнан күлме, құрбым,
Толғантар жайлар көп қой,
өзің де ойлан

ШЫҚҚАН КҮН

Көкжиектен көтеріліп жартылай,
Шыққан Күннің шымқай қызыл жалқыны-ай.
Қызғаныштан қанын ішке тартты ма?—
Тұр төбеде сазарыңқы,
Салқын Ай.

КӨКШЕ ЕГІН

Көз тоймас көкше егінді-ай желкілдеген,
Құлынның құндыз жалы секілденген.
Жұп-жұмсақ алақанға,
аумайды әлгі
Ұлымды сипағандай кекілден мен.

Жасаудай жап-жасыл боп жайқалуын.
Асардай шарасынан шайқалуын.
Көрмеген көптен мұндай сүйкімділік,
Жанымның ләззатқа бір, уай, қануын!..

Ойпырай, енжар қарап тұрсыз, ал, сіз.
Дейсіз бе: жасылдығы — жасық, әлсіз.
Мұны сіз бүгін көзге ілмейсіз, ә,
Болғасын бойы аласа,
басы дәнсіз.

Күн сүйіп,
нөсер құйып,
үптеп желкем,
Көкше егін көтеріліп кетпей ме екен?
Кім қашан туа сала тұлғаланды,
Не нәрсе болған бірден серттей бекем?

Осы әлжік қаулап өсіп қаптайды әлі,
Даланды алтынменен аптайды әлі.
Күні ертең жез мұртты боп жетіледі,
Сасарсың саулағанда нарттай дәні.

Ың-шыңсыз, іштен толып біз де өсеміз,
Ту өлең тумағанмен күнде семіз...
...Көре сап көңілі өскен мені қойшы,
Диканға дікің қағып жүрмесеніз.

ЭКСПРОМТ

I

Менен өлең сұрасан,
Жазайын да берейін:
Еркетотай бұл аса,
Сакам емес, кенейім.
Қырнауы аппақ ұнаса,—

Алшы түсті мерейім.
Сыры жақпай, сынасаң,
Бүктүстім бе, не дейін.

Асық ойнау (күл, мейлін)
Ұмыт болып барады.
Өзім де оны білмеймін,
Баулыр едім баланы.
Ұсақты көз ілмейтін
Ұсақ әдет бар әлі.
Асықты қойшы, «Тіл» дейтін,
Асылым қалса, жарады.

II

Нәр жинаған арадай әзір аулақ,
Болса да бір шабыттың жоқ кезінің,
«Жыр жаз»— деген тілегін, азынаулақ
Тұтатқандай жанымның от-сезімін.

Сынай қарап және де назданғаның,
Жібергендей жел үрлеп,
май тамызып.
Байқармысың лап етіп маздағаның,
Күлгін тартып қалған шоқ қайта қызып.

Сол шіркіннен басталған өрт алаулап,
Шалқып,
 шарпып өзінді кетпес пе екен.
Аялдашы, паң құрбым, азынаулақ,
Салып-ұрып шабыт та жетпес пе екен.

ТІЛ ҰСТАРТУ

Балам еркін білмейді бабам тілін,
Нансаң, соған жүрегім тілім-тілім.
«Әке»— деуге ауызы қиналғанда
Ұнатпай да қаламын ұлым түрін.

«Бақша барар, бауда ойнар жас бала ғой,
Басқа тілді білмесе, жасқанар бой.
Әлі үйреніп кетеді»— деп жүргенде
Ана тілін ұмытса,— масқара ғой.

«Болмайды екен мұнымыз, ей, шұнағым,
Сөндіртпеймін жұртымның ой шырағын.
Ең болмаса, тел еміп өскей сен»,— деп
Тіл ұстартып күнбе-күн, тыншымадым.

Бала болып баламен ойнадым да,
Қоса бердім қос тілде ойлануға.
Көзге түскен дүние атын атап,
Айтпай кетсе, айтқызбай қоймадым да.

Бір сөз айтса, жалмажан тәржімалап,
Ұнатты ма, ұқты ма,— көзін қарап,
Өрім талдай солкылдақ бұла тілін
Бұрдым бері, не керк, бір жұмада-ақ.

Қутың қакқан құлыным сезімді екен,
Айтар қазір қазақша сөзін бекем.
Жаса, жаса халқымның шешендігі,
Балада емес, бар бәле өзімде екен.

ОЙ

Ой — баста,
толкын — сонау теңіздегі
Тым ұқсас, туысы бір егіз тегі.
Тынымсыз, тыпыршыған табиғаты
Өздерін «өршіл, асау» дегізгені.

Толқынның жар жыққандай қайраты бар,
Ол бірақ тулап-тулап қайта тынар.
Ой ғой, ой!—

Жердің жүзін билеп-төстеп,
Бір шеті Шолпанды орап, Айда тұрар.

ҚАРАҒАЙ

Тамаша-ау таулы өлкенің қарағайы,
Жаз — аптап,

қыс — аязға қарамайды.

Жап-жасыл, жайнап тұрар қылқан, бүрі,
Кім оны дәйім жасқа баламайды?

Көрген жан көңілі толып, бас иетін,
Не дейсіз оның осы қасиетін?
«Тас жарып, тауға біту қиындағы,—
Дер едім,— тұрған оны жасыл етіп».

ЖАЛАУЛАР

Ел үстінде Жеңіс күні тігілген
Ту астында тұрмын толқып бүгін мен.
Солдаттардың тегеурінді тізесі
Сол туларды сүйерде тек бүгілген.

Қызыл туда Октябрьлік алау бар,
Оны біздің арымызға балау бар.
Соғыстан соң күрендене түскендей
Жауынгердің қаны түстес жалаулар...

ДИҚАН-ДАНА

Па, шіркін!— десейші бұл паң даланың
Алтынмен апталғандай дәнді алабын.
Несі бар шетелдіктер шегін тартса,
Мен өзім жылда көріп таңданамын.

Күп-күрең,
Күнге тартып кеткен масақ,
Майысып, тербелгенде тіптен ғажап.
Сап құрып сан мың ұл-қыз шикілсары
Тұрғандай гимнастика — қимыл жасап.

Бір кезде күзі қуаң мидай дала,
Төсінде толы бүгін бидай-бала.
Өсірген желкілдетіп жер қойнынан
Бұл диқан неткен күшті, нендей дана!

ДАЛА КӨРКІ

Көктемде көк торғынға малынған жер,
Жазында жасыл кәріс салынған жер.
Тамызда бурыл тартып бара жатты,
Жанданып сары масақ,
сағымнан бел.

Қаз қайтып,
 қарашаның желі жеткен.
Киді өңір қаптал шапан кеңірдектен.
Көкше егін,
 алтын масак,
 қара мақпал,—
Құлпырма көркем еді жерім неткен!

ӨЗІ АРМАН

Таты жоқ таза қардай құзардағы
Біп-биік, қандай таза қыз арманы.

Кешкі айдын, таңғы ауадай тұнып тұрған
Қылықты қыз көңілі-ай үміт қылған.

Шөліркеп қызыл гүлдей нөсер күткен,
Әсерлі қыздың жаны әсем тіптен.

Бой жетіп, қыз қиялдап қарайды алға,
Қол жетпес өзі арман боп талайларға.

ӘСЕР

— Тандан, бауырым:

таңда жауған қар қандай,—
Үлпілдейді үміт, қиял, армандай.
Аппағын-ай,

жатқанын-ай жарқырап,
Электр шам ерекше бір жанғандай.

Күміс төгіп алды-ау біреу... әй,
көп тым...

Шыны ма әлде, сынығы ма әйнектің.
Сықырлай ма,

сиқырлай ма, немене,
Ақ түбіті, мақтасы ма жер-көктің?

Шекер ме екен,
бекер ме екен бұл сөзім,
Кетер ме екен кеуде керіп тың сезім...
...Қонақ үйде қорылдауың жетеді,
сыртқа шығып, көрші деймін, жүрші өзін.

Ой, сен мұны теңеп небір асылға,
Қарды жаңа көргенбісің, расың ба?
Әдеті гой әсем тартып тұратын
Ненің болсын, алғашында,
басында...

Су сепкендей басылды леп, екпін ой,
Абыржып қап: «эрине, қар»— деппін ғой.
Паңнан ба әлгі,
 қардан ба әлде — салқындық,
Тітіркеніп, кенет тоңып кетті бой.

КӨКТЕМ ЭСКИЗДЕРІ

АУҒАН ҚЫС

**Амалы қалмай қардың аумасына,
Бәлем бір келді білем тәубасына.
Сіресіп сықыр-сықыр жатар еді,
Сырылып шығып қапты тау басына.**

Тамтык жок, тасада қар жастықтай-ақ.
Оған да күн-күн сайын ыстық таяп.
Қыс енді қысталаңын қойған шығар,
Мінезі сынға түскен бастықтай-ақ.

KӨРІНІС

Өкпек жел өңірге дақ салған қажап,
Айнала айғыз-айғыз, алабажақ.
Оюлы текеметтей ойдым-ойдым,
Көктемгі көркіменен дала ғажап.

ҚАР СУЫ

Ауылда білуші едің тершең кімді,
Қар суы шып-шып шыққан тер секілді.
Домалап дөңнің тамшы самайынан,
Сай-сала қайдасындар деп жөңкілді.

Мүз үңгіп,
 жер жыралап,
 тастан аттай,
Қар суы жол табады жас таланттай.
Бұған да бұралаң жол берген өмір,
Өзі де жалтарғыш-ақ қашқан аттай.

Сылдырап ұзақты күн қар сулары,
Былдырап айтпағы бір таусылмады.
Жатқандай жәйіп бізге баян етіп
Көкше егін,
 көк шалғынның маусымдағы.

I

Ашшы тез,
 айқара ашшы терезені,
Саф ауа қандырсын бір кенезені.
О, көктем, осылай бір самал жұтпай,
Сағынып тосады жұрт неге сені?!

Өзі гүлдей, қолына гүл ұстаған
Бүлдіршінге бүгін бұл —

тұңғыш қадам.

Тұңғыштарды қанша жыл қарсы алды ұстаз,
Самайынан соншама күміс табам.

Желбіреген алқызыл галстугі,
Жетіншіде-ау жеткіншек,— таныс түрі.
Қол ұстасып,

хор айтып кеткенде олар,
Оныншылар өзінше қалыс тұрды.

Шөлкем-шалыс мінезі бар-ау ептеп,
Шаң боратты бір бала.

Байқа, тек, тек!

...Тарпаңдарып талайдың жиып алып,
Кісі қылып шығарар шіркін мектеп!

Әне, күміс қоңырау күмбір қақты,
Күлім қаққан шәкірттер кіріп жатты.
Тынши қалып әп-сәтте бүкіл мектеп,
Жылдың алғаш сабағы жүріп жатты.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

ЖАҢА ПИМА

Былтыр киген пиманы
Биыл кидім,— сыймады.

«Ойхой, біздің балақан
Өсіп қапты»,— деді апам.

Шәлісін тез бүркене,
Барып келді дүкенге.

Жаңа пима жылы, кең.
Өскен деген оңды екен.

ШЫРША ТҮБІНДЕ

Алтын моншақ алаулы,
Күміс шашақ жалаулы.

Жаңа жылдың шыршасы
Жалтылдайды нұр шашып.

Қызыл, жасыл, сары, көк —
Шұғылалы шары көп.

Балық, бұғы, тоқылдақ,
Қоян, түлкі, тоты, лак,

Жираф, күшік, тиін бар,—
Санай берсең қиындар.

Самсағанға бәрі кеп,
Тамсанады Жәнібек.

Ал Жомарттың, қарай гөр,
Басқаша көз қиығы;
— Кәмпит, қант,— деп санайды ол,—
Аяз Ата сыйлығы.

КӨКШЕ МҮЗДА

Жатыр жайнап көкше мұз,
Тайғанайды өкшеміз.

Тағып алып коньки біз,
Қаздай жүзіп қалқимыз.

Салып өрнек санқилы,
Көңіл қандай шалқиды!

Қызған сайын денеміз
Қиғаш-қиғаш тебеміз.

**Зырыл қағып ұршықтай,
Зуыл қағып шымшықтай,**

**Желдей есу конькимен
Айнымайды ән-күйден!**

ОМБЫ ҚАР

**Есік алды омбы қар,
Қамба ойнауға оңды қар.**

**Көп ойнасам бірақ та
Қол-аяғым домбығар.**

ҚЫРАУ

Үсті-басы қырау,
Ағаш тоңып тұр-ау.

Жаным ашып аяп,
Жақын келдім таяп.

Иыққа күш жиып,
Қалдым түптен түйіп.

Сау етпесі бар ма,—
Қант па, тұз ба, қар ма?

Тола қалды қойын,
Мүздап кетті мойын.

Сонымен бітті
Сол күнгі ойын.

САҒЫНЫШ

Самолет, самолет,
Мені де алып өт.

Көлдерді көктей өт,
Тау деген жоқтай өт.

Бұлттарды жарып ұш,
Бұлттан да әріге ұш.

Тоқтаусыз, төтелеп
Жетейік көкеме...

...Болмады-ау, болмады-ау,
Болат құс қонбады-ау.

Самғай бер. Сәт сапар.
Сәлем айт, хат апар.

Самолет, самолет,
Қайтарда соға кет!

ЖАЗҒЫ ТАҢДА

Атам ылғи ерте тұрады,
Кейде мені ерте тұрады.

Қорамыздан қой шығарамыз,
Жолгұтты да қойшы қыламыз.

Көкжиектен күн шығарамыз,
Бозторғайды жыршы қыламыз.

Атам ылғи ерте тұрады,
Кейде мені ерте тұрады.

НҰРЛЫ ТЕРЕЗЕ

ПОЭМА

Теріскей Қазақстан.

Совхоз. Ауыл.

Аршыған жұмыртқадай ақбоз ауыл.

(Ұшырған ұямызды мақтау парыз,

Өзіңді көзіңше жұрт мақтаса,— ауыр).

Көкмайса Көктеректің атырабы,

Жел соқса, жаппай сөйлер жапырағы.

Дайырдың оқып келген келініндей

Қайыңның балтыры аппақ жалтырады.

Алқа деп аталады еңістігі,

Футболдың алаңындай тегістігі.

Шалатын аяғыннан жоңышқасы,

Алатын көздің жауын жеміс түрлі...

* * *

Жарқыра, жарқырандар, Терезелер.

Теңіздің маяғына теңесе егер,

Ақынның асқақ сөзі болары анық,

Әйтсе де түн-түнекпен егесе бер.

Жарқ етсін көзді ұялтып көгілдір сым,

Көңілдің шұғыласын төгілдірсін.

Шам нұры шар айнада ойнағандай

Сан үйге сан құбылып өмір кірсін.

Қыз-қырқын клуб жаққа аялдасын,

Жымнып жігіт тосып аялдасын.

Бір сыбыр еміс-еміс жетсін талып,

Бір әуен басып кесін баян даусын.

Фойеде қызсын,

тозсын биге табан,

Қыз балқып,

жігіт қарпып,— кино тәмам.

Жасыл бақ, жасыра бер жұптасқанды,

Біз енді бұрылайық үйге таман.

Бұл бір шақ бүкіл ауыл маужыраған,

Қайырлы,

қауырт істен қалжыраған.

Алаңсыз ұйқтап жатыр анамыз да

Кеткендей көзі ілініп шешеміздің

Бауырына ап немересін балбыраған.

Бұл күнде ауылда жоқ ауыр кайғы,

Ел біткен еш алаңсыз дамылдайды.

Жалғыз-ақ бір терезе жарқыраудан
Жаз-қысы жаңылмайды,
Жалындайды...

* * *

Түн әбден қамалады бағананы,
Сөгілтіп сөлкебайын бағанағы.
Сол кезде сонау Бопан дөңі жақтан
Көз шалды жалт еткен бір самаланы.

Болганда түн шапаны мақпал қара,
Мынау бір —
қызыл түйме таққан дара.
Жалтырап ірі түйме,
тірі түйме,
Қозғалып келе ме өзі! — нақтап қара.
Қояды көзін қысып адам ғұрлы.
Жоғалып кетті кенет,
алаң қылды.
Жарқ етті қамысты сай қабағынан,
Қақ тіліп қараңғыны тағы ол күлді.

Нұр-кармақ жалтыраған жалын түсті
Жаңағы терезеге барып түсті.
Түн бойы көз ілмеген жұмбақ шаммен
Түн қатқан жолаушы фар шағылысты.

* * *

Осы елдей қонағуар жұрт аз дағы,
Сұрау жоқ, «Төрлеңіз!»— деп бипаздады.
Жайтаңкөз, жайбұраң бел келіншектің
Өзіңдей жып-жинақы жиһаздары.

Аз жиһаз, бас артығы, шашауы жоқ,
Жайнайды жас семья жасауы боп.
Ең қымбат қазынасы — қағаз екен,
Жабылып көшіргендей осы ауыл боп.

Көп кітап көрші тұрып кеңескендей:
«Біз барда бұл босаға емес кедей».
Қырманнан қызыл бидай исі аңқыса,
Бұл үйден көктемнің лебі ескендей.
Бұрышта — газет-журнал тігіндісі,
Үстелде — кешегісі, бүгінгісі,
Бейне бір «Правдаға» құмарлана
Қарайды қабырғадан Ұлы кісі.

Бір бетте — қара мұрты қияқтанып,
Сәкен тұр әлі тірі сияқтанып.
...Сызылтып сырлы әуенді болған сандық
Сәлден соң қоя берді күй ақтарып.

Қазірде қазақ үйі ажарлы гой.
(Селтиген сервиздер мен вазаны кой),
Ауылдың әйелі үшін таптырмайтын
Көгілдір экран мен газ алды бой.

Несіне соларды айтып созайын көп,
Қонақтар көрді бәрін көзайым боп.

Жалғыз-ақ көңілдің бір түйткілі сол:

Кең үйде келіншек жүр,

қожайын жоқ.

Жас әйел жалғыз өзі бұлаң қағып,

Бұларды жатырқамай құп алды анық.

Өтеді олай-бұлай аққайранша

Ақ сабын, ақ орамал, құманды алып.

«Майысып, қайысады бұлай нағып»,—

Дәу қонақ аң-таң әрі құманданып.

Ал анау жылтыр жігіт қасын керді,

Көз алды тұманданып, құмарланып.

Аңдудан әйел әнтек ықынғаны,

Бұралып бұрылғанда мықындары.

...Зор мейман зорлана бір жөтелді де,

Диванды сықырлата ыңқылдады:

«Осы үйдің шамы жанып тұрғандығын,

Сондықтан рульдерін бұрғандығын,

Май құйып машинаға алмақ ертең,

Жай жатып шықса болды бұлар бүгін».

«Ұлықсат болса сізден, қонамыз»,— деп

«Ол-пұлға оншама әуре болмаңыз»— деп.

«Дүкен де жабық қой,— деп дүңк еткізді,—

Отырған жоқ шығарсыз қонақ іздеп».

Әйелдің көзін күлкі сағалады,

«Азырақ ішкен-ау»,— деп шамалады.

Ас үйден ақ кеселер алып келіп,

Сапырды сар қымызды шарадағы.

Кесені кербез ұстап ұсынады,
Қонақтар қозғалақтап ұмсынады.
— Түн ауды, түнемел ғой енді бұл,— деп
Келіншек қызғылт тартып қымсынады.

Бір ыстық соғатындай сөзінен леп,
Отыра берсе дейсің өзімен тек.

Дәу қонақ дәу кесені көтергенде,
Әйелді барады анау көзімен жеп.

Сол кезде төрдегі есік қатты ашылып,
Ентелеп еңкіш біреу шықты асығып.

Жалаңаш түкті төсі,

майкешен жүр,

Өңірі халатының жатты ашылып.

Әй-түй жоқ:

— Қайда,— деді,— Қасым жыры?

Бір қолы бір иығын қасып жүрді.

— Беу, Нәзір, бей-берекет жүрісің-ай,

Балаша, ісің сенің тосын күллі!

Тәк тұрып жігіт қарап қалды сонда,

Пәк күліп жұбай қолын алды қолға.

«Бір қате етті-ау, өтті» дегендейін

Шайқады шақса басын оңды-солға.

Сол екен,

кенет басын келісті иіп,

Иегі кеудесіне тегіс тиіп,

Қол берді қонақтарға,

ойында жоқ

Тұрғаны теңбіз халат теріс киіп.

Қуқылдау көрінеді қушық беті,
Қара мең қабағының тұсында екі.
Сұлуды тартқандай тап емес түрі,
Болмаса білеуленген бұлшық еті.

Дәу қонақ қызық көрді осыны бек,
Ал анау көрген жерден қомсынды кеп:
«Әйелі сұлулықтың тәңіріндей,
Қалайша мынаменен қосылды?»— деп.

Бұрынғы жырдың ғашық-жұбайлары
Болатын өңкей сұлу ұдай бәрі.
Менің бас қаһарманым — көзге қораш,
Сөйтсе де көркем қызға ұнай қалды.

«Қораш»— деп қарамаса түр-түсіне,
Құмартқан шығар сақ-сақ күлкісіне.
Жанына жаккан шығар туралығы
Заманның ұқсамайтын түлкісіне.

Көзінен әлде адалдық нұрын тапты,
Сөзінде бәлкі бақыт, мұңы жатты.
Өзіне ойын-тойдай көрінді әлде
Мінезі бірде тәтті, бірде қатты.

Қысқасы қызыққан ғой бір басына,
Жігіттің басы мықты, расында.
Танитын ердің қадір-қасиетін
Ерекше ес болады ұрғашыда.

Ендеше болмады осал әйелі де,
Әйелің жаман болса, «әй, өлім»,— де.
Бөшкедей боп жүргенде құрсауың — сол,
Үйіңнің ұйтқысы да, мәйегі де.

«Нәзірдің жары жақсы»,— дейік мақтап.
«Ізетті Іңкәр», дейік атын нақтап.
Басында поэманың елес берген
Қайыңның қабығындай балтыры аппақ.

* * *

Білсең ғой жырдың әрбір жолы ауырын.
Өлеңмен қиын кері оралуың.
Іңкәрдің жанында екі мейман барын,
Айтып па ем Нәзірдің кеп қол алуын.
Көзінің өткірін-ай,
Тойтарып бак.
Тайдырды өзі бірақ ойланып қап.
Шын жүйрік бәйге атындай тұрды селсок:
— Ертең күн — сенбі ме?—

деп қойды анықтап.

Ойда тұр,
үңсіздіктен ауыспады.
Қымыздан ұрттады сәл,
тауыспады.
Оң қолмен оң шекесін ұстай беріп:
— Таптым!— деп кенет қатты дауыстады.
Іңкәрін иығынан салып қалып,
Шаттанды

(Сол мінезін сағынтты анық).

Жөнелді бөлмесіне бөрі тигендей,
Шүйілген қырандайын шабыттанып.

Жігіттің:— «Дәл сол!»— деген даусы келді,
Жұбайы жұбанғандай: «Қойшы!»— деді.

Ұмтылды ол да Нәзір бөлмесіне,
Қонақтар сусындауын қойсын енді.

Қонақтар сусындауын қойсын енді,
Сіздер де өзгеріске бойсұн енді.

Айқындап айтар кезі келген шығар:
Нәзірім —

әзір атсыз ойшыл еді.

Түртініп бірдемені бала күннен,
Тереңнен ақық білім ала білген.

Ауылға дипломмен оралғалы
Ойында диқан жолы жаңа мүлдем.

«Даланың дарқандығын өсіру жөн.
Емес тек нәрін,

сәнін өшірумен.

Егіз ғой тасыған дән,

мыңғырған мал,

Егін мен жайлау қатар көсілу жөн».—

Осы оймен оның қаны жаман қызды,
Оң-солды жыртқан кезде даламызды.

«Аз жерден көп өндірген пайдалы»,— деп,
Шандатпай,

шаш-етектен дән алғызды.

«Космосқа көшпейміз ғой ертең, бүгін.

Даланың жоймау керек көркемдігін.

Наоборот (Нәзір мұны көп айтады),

Өңірдің жайнат жасыл өркен, бүрін».

Осылай атқарады қызыметті,
Ол өзі қызыметте қызу, бетті.
Іс қуған ынталыға кедергі аз ба?—
Бұл соның сан бөгетін бұзып өтті.

Бұл күнде ой соңында әлдене бір,
Сарылып сары алтындай дәнді елеп жүр.
Онысын әдемілеп айта алар ма
Қыз аулап,

қызып-лаулап дәндеген жыр.

Тұнып тұр шағын бөлме аспаптарға
(Білмеген кісіге одан басқа ат бар ма?)
Негізі, біздің Нәзір — диқан-ғалым,
Ұмтылған ұланғайыр мақсаттарға.

Көп оның есеп-қисап, болжалы да.
Өлең-жыр бара бермес ол жағына.
Талпынған, ойлы өренді таныта алсақ,
Санай бер онда бізді олжалыға.

* * *

Ой жақсы-ау, оны, сірә, кім білмейді.
Ешкімді дей алмаймын дым білмейді.
Әйтсе де асыл ойлар кез-келгеннің
Қалтылдақ қармағына ілінбейді.

Тілейді ой тынымсыздық,
ыждағатты.

Іздесең інжу — ойды,
ізде катты.

Болдыртып шу асауды ұстағандай
Мінекей,

біздің Нәзір бүгін тапты.
Қазекен қоналқыға көп келеді,
Қой егіз қоздауына дөп келеді.
Әлгілер әкелгендей,

Нәзірге де

Сан жылғы ой толғағы жеткен еді.
Бүгін бір ерте оралып жұмысынан,
(Бұл келсе, шай қайнаған,
су ысыған).

Жуынып,

жүрек жалғап азынаулақ,
Кіргенше бөлмесіне тыпыршыған.
Сатылып отырған сол кештен бері,
Демігіп сырт киімін шешкен еді.
Жамылып теңбіл халат терісінен,
Жаңылып кеткендігін ескермеді.

Айнала қағаз, қағаз шимайланған,

Үйіліп үстеліне сыймай қалған...

Бір кезде қалам жүрмей қасарысты,

Қиямет болды нағыз қинай қалған.

Ат басы тірелгендей тұйыққа кеп,
Әйтпесе шіренгендей құмайтқа кеп.

Арқау ғып алған болжам босағандай,

Жалқаулық сыбырлайды: «Ұйқта»,— деп.

Әуелден әлде бұрыс кетті ізбенен.

Әйтеуір сағымдай бір жеткізбеген.

Ой қармап, үйдің ішін кезді Нәзір,
Баладай бұрыштардан кепке іздеген.

Талыққан.

Көз алдында жасыл бардай,
Қалыптан қаны да тыс тасығандай.
Барады мың толғаудан миы да ашып,
Су кетіп кеңсірігі ашығандай.

Өзгедей тарта алмайды шылым да бұл,
Өңірін халатының сығымдап жүр.
Асығып ауыз үйге келген ақыр
Қасымды қайта ақтарып шығуға бір.

Қонақтың бірі семіз,

зор денелі,

Тең дерлік ұзыны мен көлденеңі.
Бір мейман мейіздейін қатып қалған,
Нәзір де оны қораш көрген еді.

«Дәу қонақ — бос күбінің күпсуіндей,
Мынау — бір жамандықтың бүксуіндей»...
...Ой шіркін ойда-жоқта кеп қалмай ма
Тер қысқан бойдың кенет жіпсіуіндей.

«Таптым» — деп соны мана айтты ғой ол,
Жалма-жан бөлмесіне қайтты ғой ол.

Барғанын Іңкәрдің де баян еткем,
(Уа, сыншым, бәрін ескер, байыпты бол).

Қонақтар аң-таң болып қалған мұнда,
Мұрша да келмегендей аңғаруға.
Қызық-ай, ерлі-зайып болды ғайып,
Сыбыс жоқ, тоса-тоса далғаруда.

Дәу қонақ дамылдауды ойлап еді,
«Мыналар жіпсіз байлап қойды-ау»,— деді.

Дөнкііп, дүңкілдете басып барып,
Есікті ашып қалып:— Ойдау...— деді.

Екеуі құшақтасып, түйісіп тұр.

Өбісіп, өлердей боп сүйісіп тұр.

Құдай-ау: күні кеше қосылғандай,

Отына құштарлықтың күйісіп тұр.

Даурыққан дауысты естіп жалт қарасты,
Қып-қызыл болып Іңкәр бетін басты.

«Ұялған тек тұрмас-ау», Нәзір барып,
Шілтерін терезенің сілкіп ашты.

Күн шығып келеді екен алауланып,

Алауға болар емес қарауға да.

Адамзат ақылының жеңісі үшін

Қойғандай көкжиекке жалау қадап.

Жап-жарық, шұғылалы дүн-дүние,

Мол сәуле бұлардың да кірді үйіне,

Шам нұрын күн нұрына ұластырып,

Нәзірім көз ілмеген тұр күйінде.

Тағат жоқ ұстазына ұшқанынша,

Арман не, әдіс, ойы құпталынса.

Тапқаны тарар бәлки бүкіл елге,

Біздің жыр кітап болып шыққанынша.

Жыр еттім сырын нұрлы терезенің,

Нәзірмен алда талай кездесемін.

Сіздер де танып-біліп алғайсыздар,

Мұндай үй елде жалғыз демес едім.

МАЗМҰНЫ **ӨЛЕІДЕР**

Коммунистер	3
Асқақ арман	4
Жігер	6
Демалыс	7
«Құрақтай балғын»	8
Ырысымды тасытқан	9
Көгілдір көктем	9
Әйелдер	10
Дала әншісі	11
Ұрпақ жыры	11
Сағыныш саздары	12
Табиғат	16
Жадырау	17
Күз күні	18
Алғашқы қар	18
Ұқсастық	19
Уақыт сондай	19
Менің махаббатым	20
Комбайнер	22
Журналист	22
«Атасының баласы»	23
«Текшелі тасқа асылып»	25
Жүрек сыры	25
Жыр жазамын өзіңе	26
Әзірше	27
Кел жарқырап күмістей	28
Күй шанақ	29
Шумақтар	30
Көкше егін	31
Экспромт	32
Тіл ұстарту	34
Оя	35
Қарағай	36
Жалаулар	36
Диқан дана	37
Дала көркі	37
Өзі арман	38
Әсер	39
Көктем эскиздері	40
Сентябрь таңы	43
Балаларға базарлық	45
Нұрлы терезе (поэма)	50

20 т.



ЖАРАСБАЙ НУРХАНОВ

СВЕТ

(Стихи и поэма)

Издательство «Жазушы», Алма-Ата -- 1971

Редактор С. Ж и е н б а е в
Художник Э. Н и к о л а е в
Худ. редактор Б. Табылдиев
Тех. редактор К. Зауренбайулы
Корректор Н. И з м а и л о в а.

Сдано в набор 9/VIII-71 г. Изд. № 579.
Подписано к печати 14/X-71 г. УГ09719.
Бумага тип. № 2. 60×90¹/₃₂—2,0 п. л.
(Уч.-изд. 1,9 л.) Тир. 6600 экз. Цена 20 коп.

Заказ № 693. Типография № 2 Главполи-
графпрома Госкомитета Совета Министров
КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Карла
Маркса, 63.